

	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
Құжаттың атауы: «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның ЕҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты		
Құжаттың түрі: Политика ИСУ	Код: KMTF-PT-109.2-13	Страница 1 из 29
Өзірлеген: Комплаенс офицер <u>Е.С. Мырзаханов</u> 20 ____ жылғы « ____ » ____	Мақұлданды ҚТКФ Басқармасының 20 ____ жылғы « ____ » ____ шешімімен № ____ хаттама	Бекітілді ҚТКФ Қалағалау кеңесінің 20 <u>25</u> жылғы « <u>25</u> » ____ <u>Сәуір</u> шешімімен № <u>03-25/НС</u> хаттама <u>З.пунис</u>

МАЗМҰНЫ:

1.	ҚҰЖАТ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	2
2.	ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ.....	3
3.	АНЫҚТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
4.	ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	9
5.	НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА.....	10
6.	СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ	11
7.	СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ ТӘУЕКЕЛІНЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ	12
8.	САЯСИ МАҢЫЗДЫ ТҮЛҒАЛАРМЕН ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ	17
9.	СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫ БАСҚАРУ	18
10.	САЯСАТТЫ ОРЫНДАМАҒАНЫ (ТИІСТІ ДЕҢГЕЙДЕ ОРЫНДАМАҒАНЫ) ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК	19
11.	ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҒДАЙЛАР.....	20

1. ҚҰЖАТ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1.1. Осы «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның ЕҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңына, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл жасау саласында өзге заңнамалық актілерге, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

1.2. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС (бұдан әрі - ҚТКФ) бизнесті дамытудың маңызды жағдайларының бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды реттейтін заңнаманы қатаң түрде ұстану болып табылатындығына кәміл сенеді.

1.3. ҚТКФ бизнесті жүргізудің теріс және заңға қарсы әдістерін қатаң түрде қабылдамайтыны туралы мәлімдейді және қазақстандық, шетелдік және халықаралық органдар мен ұйымдар ұсынған сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және одан сақтандыру саласындағы міндеттерді өз еркімен қосымша артады.

1.4. Саясат сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуына қарсы іс-қимыл саласында мақсаттар мен міндеттерді ашып жария етеді, осы іс-қимылдың құқықтық негіздері мен негізгі қағидаттарын айқындайды, ҚТКФ тарапынан сыбайлас жемқорлықтан сақтандыру бойынша алынатын шараларды сипаттап көрсетеді, Қызметкерлердің және өзге тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттерін, сондай-ақ Саясаттың ережелерін орындамағаны (тиісті деңгейде орындамағаны) үшін жауапкершілікті белгілейді.

1.5. Осы Саясат мына мақсаттарда әзірленді:

1.5.1. ҚТКФ қызметінің қазақстандық заңнама талаптарына және ҚТКФ ЕҰ инкорпорациясы мемлекетінің өзге құқығына, ҚР сияқты ЕҰ инкорпорациясы мемлекеті ратификациялаға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды реттейтін, бизнесті жүргізу этикасының жоғары стандарттарына сәйкес келуін қамтамасыз ету;

1.5.2. ҚТКФ және оның Қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы тәуекелін мейлінше азайту;

1.5.3. ҚТКФ Қызметкерлері мен оның Лауазымды тұлғалары, Жалғыз қатысушы, инвесторлар, Контрагенттер, мемлекеттік органдардың өкілдері, өзге мүдделі тұлғалар алдында ҚТКФ сыбайлас жемқорлықты оның кез келген нысандары мен белгілерін қабылдамайтын компания болып табылатындығы туралы бірыңғай көзқарасты қалыптастыру;

1.5.4. сыбайлас жемқорлыққа тартылуына қарсы іс-қимыл бойынша ҚТКФ қызметін регламенттейтін жергілікті нормативтік базаны құру.

1.6. Саясаттың міндеттері мыналар болып табылады:

1.6.1. сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласында мақсаттарды, міндеттерді және қағидаттарды айқындау;

1.6.2. заңсыз әрекеттерден сақтандыру, оларды анықтау, тойтару және ашып жария ету, сондай-ақ оларды әзірлейтін, жасалуына жол беретін немесе жол берген адамдарды анықтау;

1.6.3. негізгі сыбайлас жемқорлық тәуекелі мен алаяқтық тәуекелін сәйкестендіру және оларды мейлінше азайту және/немесе жою бойынша шараларды айқындау;

1.6.4. сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ҚТКФ корпоративтік мәдениетін қалыптастыру;

1.6.5. сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданыстағы заңнама негізінде ҚТКФ бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерді қолданысқа енгізу және оларды ҚТКФ Қызметкерлері мен өзге мүдделі тұлғалардың қаперіне беру;

1.6.6. ҚТКФ Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғаларына Саясатта белгіленген қағидаттарды, шектеулерді және талаптарды ұстану міндетін белгілеу;

1.6.7. сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау үшін ақпараттық арналарды қамтамасыз ету;

1.6.8. сыбайлас жемқорлықтан сақтандыру бойынша ҚТКФ қабылдаған шараларға түсіндірме беру.

1.7. Осы Саясат бизнесті жүргізудің жоғары этикалық стандарттарын және іскерлік беделді қолдауда ҚТКФ бейілділігін ашып көрсетеді. ҚТКФ абыройлы және адал ұйым ретінде оның өз беделі неғұрлым құнды активтерінің бірі болып табылатындығын мойындай отырып, сыбайлас жемқорлық оның өз бизнесіне және құндылықтарына қауіп төндіреді деп ұғынады. ҚТКФ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға қатысты табандылық танытқан ұстанымы - бизнесті жүргізудің негізгі қағидаттарының бірі болып табылады.

1.8. ҚТКФ тікелей немесе үшінші тұлғаларды (делдалдылық) тарту арқылы жүзеге асырылатын сыбайлас жемқорлық немесе алаяқтық құқық бұзушылықтарының кез келген нысанда жасалуына бүкіл әлем бойынша ҚТКФ Қызметкерінің және/немесе Лауазымды тұлғасының өмірі немесе денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда тыйым салады. ҚТКФ сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтыны туралы ашық мәлімдейді және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарынан сақтандыру саласында қосымша міндеттемелерді артады.

1.9. ҚТКФ өз Қызметкерлеріне және Лауазымды тұлғаларына Саяси маңызды адамдарға ҚТКФ атынан ынталандырушы төлемдерді, соның ішінде осы сияқты төлемдерді делдалдар арқылы жүргізуге қатаң тыйым салады.

1.10. Осы Саясат ҚТКФ ресми веб-сайтында жариялануға, сондай-ақ интернет желісі және электрондық құжатайналымы жүйесі арқылы таратылуға жатады.

2. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

2.1. Саясаттың ҚТКФ барлық қызметкерлерімен және Лауазымды тұлғаларымен орындалуы міндетті болып табылады.

2.2. Саясат мыналарға қатысты қолданылады:

2.2.1. ҚТКФ;

2.2.2. ҚТКФ еншілес ұйымдары;

2.3. Егер ҚТКФ ЕҰ ішкі нормативтік құжаттарында немесе ҚТКФ ЕҰ орналасқан жері бойынша мемлекет заңнамасында Саясат ережелерімен салыстырмалы түрде неғұрлым қатаң талаптар белгіленген жағдайда, ЕҰ ішкі нормативтік құжаттарының ережелері немесе осы сияқты ЕҰ инкорпорациясы мемлекетінің заңнамасының талаптары қолданылады. Осы ретте, ЕҰ ішкі құжаттарында не болмаса ЕҰ

	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
ББЖ саясаты	КМТФ-РТ-109.2-13	Страница 4 из 29

инкорпорациясы мемлекетінің заңнамасымен реттелмейтін қатынастарға қатысты осы Саясаттың ережелері қолданылады.

2.4. Шетелдік мемлекеттерде тіркелген ҚР азаматтарына ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйым салулар қолданылады.

2.5. ҚТКФ өз Контрагенттеріне осы Саясат талаптарын ұстануды және өз қызметкерлеріне Саясат талаптарының сақталуын қамтамасыз етуді ұсынды.

2.6. ҚТКФ ЕҰ Саясатын қолдану осы сияқты саясаттарды белгіленген тәртіппен әзірлеу және бекіту немесе ҚТКФ ЕҰ ішкі құжаттарын осы Саясатпен өзара сәйкестікке келтіру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Осы ретте осы Саясатта көзделген талаптар осыған ұқсас ҚТКФ ЕҰ саясаттарында және ішкі құжаттарында көрсетілген талаптардан төмен болмауға тиіс.

3. АНЫҚТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Белсенді пара алушылық	Пара ұсыну, уәде беру, рұқсат ету немесе төлеу (тікелей немесе жанама), сондай-ақ осы сияқты іс-әрекетке көмек көрсету немесе ықпалдасу
Жақын тумаластар	Ата-аналар (ата-анасы), балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері
Пара¹	Саяси маңызды тұлғаның өз қызметтік жағдайын пайдалана отырып, пара берушінің мүддесі үшін жасауы мүмкін немесе жасаған іс-әрекеті (немесе керісінше әрекетсіздігі) үшін қабылдаған материалдық құндылықтар (заттай немесе ақшалай) немесе қандай да болмасын мүліктік пайда немесе қызметтер
Қор	«Самұрық-Қазына» АҚ
Жедел желі	Коммуникативті арналар: ҚТКФ «Жедел желісі»: Сенім телефоны:
Лауазымды тұлға	ҚТКФ басқарушылық функцияларын атқаратын тұлға, ҚТКФ, ҚТКФ ЕҰ ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы берілген өкілеттік ² бойынша атқаратын тұлға
ЕҰ	ҚТКФ еншілес ұйымдары
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

¹ «Пара» термині мемлекеттік қызметшіні параға сатып алу ретінде қолданылатын болса, коммерциялық құрылымның қызметкерін параға сатып алуда «Параға коммерциялық сатып алу» термині қолданылады

² «Ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы берілген өкілеттік² бойынша атқаратын тұлға»: басқарушылық функцияларды басшылықтың тапсырмасы, сенімхаты немесе шешімі негізінде орындау деген ұғымды білдіреді

Мүдделі тараптар	ҚТКФ қызметіне, ол ұсынатын қызметтерге және заңнамалық нормаларға, өзара жасасқан шарттарға (келісім шарттар) сәйкес осыларға байланысты болатын іс-әрекетке ықпалдасатын немесе оның ықпалын сезінуі немесе жанама сезінуі мүмкін жеке тұлғалар, жеке тұлғалар немесе заңды тұлғалар тобы; осы анықтау ҚТКФ таныс болған немесе ол жайлы өз пікірін білдірушілерге қатысты қолданылмайды; мүдделі тараптардың негізгі өкілдері ретінде ҚТКФ өз қызметін жүзеге асырған өңірдің қатысушылары, қызметкерлері, клиенттері, жеткізушілері, мемлекеттік органдары, еншілес ұйымдары, кредиторлары, инвесторлары, қоғамдық ұйымдары, халқы болып табылады
Параға коммерциялық сатып алу	коммерциялық немесе өзге ұйымда басқарушылық функцияларды орындайтын адамға ақша, бағалы қағаздарды немесе өзге мүлікті заңсыз беру сияқты оның өз қызметтік жағдайын пайдаланғаны, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асырып отырған адамның мүддесі үшін оны қызмет бабында қорғаштағаны немесе кемшіліктеріне көзжұмбайлық жасағаны үшін мүліктік сипатындағы қызметтерді заңсыз ұсыну
Комплаенс жүйесі	ҚТКФ процестерін, оның саясаттарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау саласында мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуде рәсімдерін, шараларын
Контрагент	ҚТКФ шарт/келісім жасасқан не болмаса жасасуын жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға
Мүдделер тартысы	ҚТКФ Қызметкерінің немесе Лауазымды тұлғасының жеке басының пайдасы немесе қызметі ҚТКФ мүдделеріне қайшы келетін немесе қайшылық тудыру ықтималдығы салдарынан оның өз қызметтік міндеттерін тиісті дәрежеде атқармауына және ҚТКФ қатысты мәселелер жөнінде шешімдерді объективті қабылдамауға әкеліп соқтыруы мүмкін кез келген жағдайлар немесе жағдаяттар
Сыбайлас жемқорлық	кез келген нысанда, соның ішінде пара мен параға коммерциялық сатып алу түрінде тікелей немесе делдалдар арқылы материалдық және материалдық емес заңсыз пайда табу, ұсыну, уәде беру, пара беру-алу; және/немесе сыбайлас жемқорлық іс-әрекетін жүзеге асыру кезінде Делдалдық, және/немесе қызметтік жағдайын теріс пайдалану, уәкілеттіктерін теріс пайдалану, сондай-ақ жеке тұлға бола отырып қызметтік жағдайын ҚТКФ заңды мүдделеріне қарсы

	заңсыз пайдалану, соның ішінде заңсыз пайда табу мақсатында өзі немесе үшінші тұлғалар үшін материалдық және материалдық емес не болмаса атап көрсетілген тұлғаға басқадай жеке тұлғалар арқылы осы сияқты пайда табуды заңсыз ұсыну
Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық	қызметтік жағдайын пайдаланумен байланысты, сыбайлас жемқорлық белгілеріне ие құқыққа қайшы кінәлі әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) немесе сыбайлас жемқорлық іс-әрекет жасауға немесе осы үшін Заңмен әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік белгіленген жасалған құқық бұзушылықты жасыруға ықпалдасатын өз қызметтік міндеттерін жеке пайда табу үшін қасақана орындамау
Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеті	Қызметкердің өзінің жеке пайдасына немесе ҚТКФ, мемлекет мүдделеріне зиян келтіретін үшінші тұлғалардың пайдасына қызметтік жағдайын құқыққа қайшы қолдануы, осы үшін заңмен әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік белгіленбегенмен, ол осы Саясаттың ережелерін бұзушылыққа жол береді
Бағыттаушы тарап	персоналды беру (аутстафинг) бойынша қызметтерді ұсынуға ағымдағы жылы ҚТКФ өзара шарт жасасқан ұйым
Енжар парақорлық	Пара сұрау, талап ету, оны алуға немесе беруге келісімін беру, тікелей немесе жанама
Саяси маңызды адам	1) Мемлекеттік қызметші – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не болмаса Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік органда мемлекеттік қызметті атқаратын және мемлекет міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында қызметтік уәкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы; 2) Лауазымда тұлға – тұрақты, уақытша немесе арнайы уәкілеттік бойынша билік өкілдерінің функцияларын жүзеге асыратын не болмаса мемлекеттік органдарда ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларын атқаратын адам; 3) Шетелдік лауазымды тұлға – шет мемлекеттің лауазымды тұлғасы, соның ішінде шетелдік жария жиналысының мүшелері, халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғалары, халықаралық парламент жиналысының мүшелері, шет мемлекет судьялары және

	халықаралық соттың лауазымды тұлғалары, сондай-ақ шет мемлекеттердің әскери күштері мен өзге әскери құрамаларындағы лауазымды тұлғалар
Парақорлыққа/ параға коммерциялық сатып алуға делдалдылық	Пара берушінің/параға коммерциялық сатып алу затын беруші адамның немесе пара алушының/параға коммерциялық сатып алу затын алушының тапсырмасы бойынша параны/параға коммерциялық сатып алу затын (заңсыз сыйақылау) тікелей табыстау не болмаса пара берушіге (немесе) пара алушыларға/осыған қатысушыларға осылардың параны алу және беру/параға коммерциялық сатып алу туралы өзара уағдаластыққа қол жеткізуде не болмаса оны іске асыруда өзгедей ықпалдасу
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	ҚТКФ Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлықтан сақтандыру (алдын алу) және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (тергеу) жүргізу бойынша қызметі
Сыбайлас жемқорлық қызметінде тәуекелдің алдын алу	Корпоративтік мәдениет, ұйымдық құрылым элементтерін, ҚТКФ бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол берілмеуін қамтамасыз ететін ішкі құжаттармен регламенттелген қағидадар мен рәсімдерді жүргізуге бағытталған іс-шаралар
Қызметкер	ҚТКФ еңбек қатнастарында тұратын және жұмысты тікелей еңбек шарты бойынша орындайтын адам, сондай-ақ агенттіктер арқылы шарт бойынша және азаматтық-құқықтық сипатындағы шарт бойынша тартылатын өзге адамдар
ҚР	Қазақстан Республикасы
Жекжаттар	аға-інілер, апа-сіңлілер, ата-аналар және жұбайының (зайыбы) балалары
Инкорпорация елі	өз заңнамасына сәйкес ЕҰ тіркелген мемлекет
Ынталандырушы төлемдер	Ескішілдік ресми іс-әрекетті жеделдету мақсатында Саяси маңызды тұлғалардың пайдасына төлем жүргізу (мәселен, рұқсаттарды, лицензияларды немесе өзге ресми құжаттаманы беру; визаларды, жұмыс рұқсаттарын және өзге көші-қон құжаттарын беру; кеден бақылауындағы тауарларды беруге рұқсат алуды жеделдету; жылжымайтын мүлік немесе көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді жеделдету; коммуналдық немесе өзге қызметтерді ұсынуды жеделдету (мәселен, телекоммуникациялар және күзету) және өзгесі

Мемлекеттік функцияларды орындауға теңестірілген тұлғалардың отбасы мүшелері	ерлі-зайыптылар, ата-аналары, балалары, соның ішінде кәмелеттік жасқа толған балалары және асырауындағы және осылармен тұрақты тұратын адамдар
ПҚМЖ	парақорлыққа қарсы іс-қимыл жасау менеджментінің жүйесі
СЕО/Басқарма төрағасы	атқарушы органның басшысы (ағылшынша Chief Executive Officer)
СЕО-1	ұйымдық құрылымға ³ сәйкес Басқарма төрағасы (СЕО-1) қызметіне қатысты төмен болатын басқару деңгейі
СЕО-2	ұйымдық құрылымға ³ сәйкес СЕО-1 қатысты төмен болатын басқару деңгейі
ҚБ	құрылымдық бөлімше
ҚС ҚБ	құқықтық сүйемелдеу үшін жауапты құрылымдық бөлімше
КҚҚЖ	Корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жауапты ҚТКФ Құрылымдық бөлімшесі не болмаса қызметкері
БЖ ҚБ	Осы Саясаттың сақталуы үшін жауапты ҚБ не болмаса ҚТКФ Қызметкері
АРБ ҚБ	адами ресурстарды басқару үшін жауапты ҚБ

³ «СЕО-1», «СЕО-2» терминдерінің анықтаулары осы Саясаттың мақсаттары үшін қолданылады

 NATIONAL MARITIME SHIPPING COMPANY	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
ББЖ саясаты	KMTF-PT-109.2-13	Страница 9 из 29

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. ҚТКФ Қызметкерлері/Лауазымды тұлғалары қызметтік міндеттерін орындау кезінде мыналарға міндетті:

4.1.1. Саясатпен танысуға және Саясатты ұстану туралы міндеттемеге қол қоюға; Міндеттеме еңбек шартының қосымшасы түрінде немесе *1 Қосымшаға* сәйкес үлгілік нысан бойынша азаматтық-құқықтық сипатындағы шартқа қоса ресімделеді;

4.1.2. *2 Қосымшаға* сәйкес жаднаманы басшылыққа алуға, мұнда жол берілмеуге тиіс сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының негізгі ұғымдары мен мысалдары көрсетілді;

4.1.3. Қызметкердің іскерлік қасиеттерін бағалау кезінде, соның ішінде оның жоғары қызметке тағайындалған, өзге кадрлық мәселелерді шешкен жағдайда Саясат талаптарының сақталуын ескеруге;

4.1.4. Саясатта көзделген шектеулер мен талаптарды қатаң сақтауға, соның ішінде тарту жасауға, сыйкәде алуға; өкілдік шығыстарды, қайырымдылық пен демеушілік көрсету қызметін жүзеге асыруға қатысты саяси қызметке қатысуға; мемлекет өкілдерімен, Саяси маңызды тұлғалармен және қоғамдық ұйымдармен, Контрагенттермен, делдалдармен, үшінші тұлғалармен өзара іс-әрекет жасауға; Мүдеддер тартысына жол бермеуге; есептілікті жүргізуге;

4.1.5. мына іс-әрекеттерге кесімді тыйым салуды қатаң сақтауға:

4.1.5.1. сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне қатысуға, соның ішінде Саяси маңызды тұлғаларға пара ұсынуға, уәде беруге, пара беруге;

4.1.5.2. пара сұрауға және алуға немесе параға коммерциялық сатып алуға;

4.1.5.3. Контрагенттерді немесе Контрагенттер арқылы Қызметкерлерді/Лауазымды тұлғаларды параға коммерциялық сатып алуға қатысуға;

4.1.5.4. әкімшілік, бюрократтық және кез келген нысанда өзге ресмилікті жеңілдету үшін қандай да болмасын адамдарға және қандай да болмасын адамдардан немесе ұйымдардан, соның ішінде коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардан, билік органдарынан және жергілікті өзін өзі басқару органдарынан, Саяси маңызды адамдардан өзі үшін, ҚТКФ үшін немесе үшінші тұлғалар үшін пайда түсіру мақсатында төлемдерді жүргізуге, соның ішінде ақшалай немесе оған барабар қаражат, құндылықтар, қызметтер немесе мүліктік және мүліктік емес сипатындағы өзгедей пайда түрінде.

4.1.6. ҚТКФ Лауазымды тұлғалары өз қызметтік міндеттерін орындау кезінде ҚТКФ Контрагенттері мен үшінші тұлғалардан пара алуға, сондай-ақ жеке өзі сияқты Қызметкерлер немесе өзге үшінші тұлғалар қатарынан делдалдар арқылы Параны алуға-беруге бастамашылық танытуға, Пара ұсынуға және беруге кесімді тыйым салуды қатаң түрде сақтауға тиіс.

4.1.7. ҚТКФ өзге ішкі құжаттарымен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу сипатындағы талаптар мен шектеулерді (Саясатқа қайшы келмейтін бөлігінде) сақтауға.

4.1.8. Лауазымды тұлғалар қызметтік міндеттерін атқарған кезде Саясатқа қоса берілген *4 Қосымшаға* сәйкес қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамада белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
ББЖ саясаты	KMTF-PT-109.2-13	Страница 10 из 29

4.2. ҚТКФ Қызметкерлері/Лауазымды тұлғалары Контрагенттермен өзара іс-әрекет жасау кезінде:

- 4.2.1. іскерлік қатынастарды адал негізде және абыроймен жүргізетін Контрагенттермен ғана іскерлік қатынаста болуға және осы қатынастарды сақтауға;
- 4.2.2. беделіне нұқсан келтірмеуге;
- 4.2.3. шаруашылық қызметті жүргізген кезде жоғары этикалық стандарттарды қолдайтынын мәлімдеуге;
- 4.2.4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу бойынша жеке шараларды іске асыруға.

4.3. БЖ ҚБ мыналар үшін жауапкершілік жүктеледі:

4.3.1. ҚТКФ сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылу және Контрагенттермен қатынастарда болу барысында өзге жосықсыз практика тәуекелін азайту мақсатында Контрагенттерді тексеру рәсімін қолданысқа енгізу *(беделі, нарықта өз қызметін жүзеге асыру ұзақтығы, сыбайлас жемқорлық дау-жанжалдарына қатыстылығы және өзгесі сияқты ашық қолжетімділікте болатын әлеуетті Контрагенттер туралы мәліметті жинауды және талдауды қоса алғанда);*

4.3.2. ҚТКФ бойынша сыбайлас жемқорлықтан сақтандыру бойынша алынып отырған шаралар туралы ақпаратты ҚТКФ ресми веб-сайтында жария ету;

4.3.3. осы Саясатты өзектендіру;

4.3.4. Қызметкерлерге және Лауазымды тұлғаларға осы Саясат бойынша түсіндірме беруді ұйымдастыру;

4.3.5. паракорлыққа қарсы іс-қимыл жасау менеджментінің жүйесін қолдау және жақсарту және комплаенс функциясын жақсарту.

4.4. ЗС ҚБ Контрагенттермен жасасатын шарттарға *3 Қосымшада* көзделген үлгілік нысан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды ұстану туралы ережелерді енгізу үшін жауапкершілік жүктеледі.

4.5. АРБ ҚБ мыналар үшін жауапкершілік жүктеледі:

4.5.1. ҚТКФ Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауын келісімдерін тіркеу;

4.5.2. Лауазымды тұлғалардың шарттарды жасасқан кезде кірістер мен мүлік, активтер мен міндеттемелер туралы біржолғы декларацияларды беруі;

4.5.3. Саясатты бұзушылыққа жол берген Қызметкерлерге және Лауазымды тұлғаларға қатысты шараларды қабылдау.

5. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

5.1. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасын, халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және ҚТКФ ішкі құжаттарын ескере отырып түзіп жасалды.

5.2. Осы Саясатты түзіп жасаған кезде мына құжаттардың мазмұны есепке алынды:

5.2.1. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;

5.2.2. 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

5.2.3. ҚТКФ Іскерлік этика кодексі;

5.2.4. ҚТКФ Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу жөніндегі саясаты;

5.2.5. ҚР Парақорлыққа қарсы күрес жүргізу менеджментінің жүйесі ISO 37001-2017 ҚР СТ.

5.3. Коммерциялық ұйымдарға қатысты бөлігінде актілердің негізгі талаптары ретінде мыналар болып табылады:

5.3.1. пара беруге немесе параға коммерциялық сатып алу мәніне тыйым салу;

5.3.2. Саяси маңызды тұлғаларды параға сатып алуға тыйым салу;

5.3.3. делдалдыққа тыйым салу;

5.3.4. пара алуға немесе параға коммерциялық сатып алу мәніне тыйым салу.

6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

6.1. ҚТКФ өз қызметін жүзеге асыру шеңберінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мына қағидаттарды басшылыққа алады:

6.1.1. **«нольдік толеранттық» қағидаты** (сыбайлас жемқорлықты кез келген нысанда және көріністерінде қабылдамау) – ҚТКФ Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ ҚТКФ атынан әрекет ететін өзге тұлғаларға тікелей немесе жанама, жеке өзі немесе қандай да болмасын Делдалдық арқылы осы немесе өзге мемлекетте бизнес жүргізу практикасының болуына қарамастан сыбайлас жемқорлық іс-әрекетіне қатысуға толықтай тыйым салу;

6.1.2. **«Жоғарыдан ықпал ету» қағидаты** – ҚТКФ Лауазымды тұлғалары өз мінез-құлқымен ҚТКФ Қызметкерлері алдында бизнесті жүргізу және сыбайлас жемқорлықты оның кез келген көріністерінде қабылдамаудың жоғары этикалық стандарттарын ұстану бойынша үлгі болады;

6.1.3. **тиісті сақтық қағидаты** – сыбайлас жемқорлыққа тартылуы немесе сыбайлас жемқорлық көріністеріне толерантты Контрагенттермен іскерлік қатынастардың тәуекелін мейлінше азайту үшін Контрагент туралы қажетті және дәйекті ақпаратты алуға бағытталған кешенді шараларды қабылдау және осы бойынша іс-әрекет жасау;

6.1.4. **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – ҚТКФ сыбайлас жемқорлықтан сақтандыру, яғни ең алдымен сыбайлас жемқорлық тәуекелін анықтау және оларды мейлінше азайтуға бағытталған корпоративтік мәдениетті, ұйымдық құрылым элементтерін, қағидалар мен рәсімдерді қолданысқа енгізу бойынша алдын алу шараларын мезгілінен бұрын қабылдайды;

6.1.5. **жазалаудан бұлтартпау қағидаты** – ҚТКФ корпоративтік басқарудың барлық деңгейінде алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністеріне ымырасыздығы туралы мәлімдейді. Кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту олардың атқарып отырған қызметіне, ҚТКФ еңбек еткен жылдарына және өзге қатынастарға қарамастан белгіленген тәртіппен заңнамамен және ҚТКФ ішкі құжаттарымен жүзеге асырылады;

6.1.6. **мониторинг және бақылау** – ҚТКФ сыбайлас жемқорлықтан сақтандыру және оған қарсы іс-қимыл жасау бойынша қолданысқа енгізілген рәсімдерге

мониторинг жүргізуді жүзеге асырады, олардың сақталуын бақылайды және оларды ұдайы жетілдіріп отырады;

6.1.7. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық – ҚТКФ сыбайлас жемқорлық проблемаларының жалпы әлеуметтік сипатын және оған мемлекеттік саясат шеңберінде іске асырылатын іс-шаралар сияқты ҚТКФ қызметкерлерінің, Лауазымды тұлғалары мен Контрагенттерінің тарапынан сыбайлас жемқорлыққа ымырасыздықты қалыптастыру арқылы қарсы іс-қимыл жасау қажеттігін ұғынады;

6.1.8. қызметкердердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тартылуы – ҚТКФ өз алдына Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлықты оның кез келген нысандары мен көріністерінде қабылдамауында жеке ұстанымын қалыптастыруды міндеттерінің бірі ретінде белгілейді. Осы мақсаттарда ҚТКФ Саясатты ұйымдастыру мен оның мазмұнын Қызметкерлердің, сондай-ақ өзге мүдделі тұлғалардың қаперіне берудің барлық деңгейінде қолданысқа енгізу бойынша барлық қажетті шараларды алады. ҚТКФ Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға оларды Саясаттың негізгі талаптарына тұрақты оқыту және практикада қолдану арқылы ықпалдасады;

6.1.9. дәйекті есептілікті жүргізу қағидаты – ҚТКФ бойынша заңнама талаптары және есептілік құжаттамасын жүргізу қағидалары қатаң сақталады. Әрбір шаруашылық өмірдің фактісі бастапқы есепке алу құжаттамасымен ресімдеуге жатады. Бухгалтерлік, басқарушылық және өзге есепке алу түрлерінің деректерін немесе растайтын құжаттарды бұрмалауға немесе жалған беруге жол берілмейді.

7. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ТӘУЕКЕЛІНЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ШАРАЛАР

7.1. Хабардар ету және оқыту

7.1.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің процесіне тартылған ҚТКФ жаңадан жұмысқа қабылданған Қызметкерлермен/Лауазымды тұлғалармен тиісті корпоративтік мәдениет деңгейін қалыптастыру үшін осы Саясат пен оған байланысты құжаттардың ережелері бойынша кіріспе тренинг жүргізіледі;

7.1.2. ҚТКФ Қызметкерлері/Лауазымды тұлғалары үшін тренингтер түрінде оқу бетпе-бет нысанда, сондай-ақ ҚТКФ веб-сайтында және оның ішкі ресурстарында ашық қолжетімді болатын осы Саясатпен қашықтан таныстыру арқылы жүргізіледі.

7.2. ҚТКФ Контрагенттерін және СЕО-1, СЕО-2 бос қызмет орындарына ізденуші кандидаттарды тексеру

7.2.1. СЕО-1, СЕО-2 бос қызмет орындарына ізденуші кандидаттарды жұмысқа тарту кезінде іскерлік қатынастарды бастау немесе жалғастыру жөнінде шешім қабылдамастан бұрын ҚТКФ осылардың сенімділігін, мүдделер тартысының, Саяси маңызды тұлғалармен өзара байланысты болмайтынын тексеруді жүзеге асырады, олардың беделі туралы ақпаратты талдайды.

7.2.2. СЕО-1, СЕО-2 бос қызмет орындарына ізденушілерді немесе олармен еңбек қатынастарды ұзарту кезінде белгіленген талаптарға, соның ішінде осы Саясатта белгіленген талаптарға олардың сәйкес келуін тексеру рәсімі ҚТКФ ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7.2.3. Контрагенттерді және қайырымдылық/демеушілік көмекті алушыларды тексеру тәртібі және критерийлері ҚТКФ Контрагенттерінің сенімділігін тексеру жөніндегі ішкі құжатта белгіленді.

7.3. Бухгалтерлік есепке алу және аудит

7.3.1. Барлық мүдделі тараптар үшін ақпараттың қолжетімді болуын қамтамасыз ету мақсатында ҚТКФ бухгалтерлік, салық және басқарушылық есепке алуды жүргізуді заңнамалық және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

7.3.2. Бухгалтерлік және өзге есепке алу түрлерінде барлық қаржы-шарушылық операциялар олардың толық, дәйекті және айқын берілуін есепке ала отырып ашып көрсетіледі.

7.3.3. ҚТКФ шаруашылық операцияларды оларды бухгалтерлік есепте ашып көрсетпей жүзеге асыруға, бухгалтерлік, басқарушылық және өзге есепке алу түрлерін немесе осыны растайтын құжаттарды бұрмалауға немесе жалған беруге жол бермейді.

7.3.4. ҚТКФ барлық шаруашылық операциялары тиісінше пысықталып, ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес осыған уәкілетті Қызметкерлермен бекітіледі.

7.3.5. Заңнамалық талаптарға және ҚТКФ ішкі құжаттарына сәйкес бухгалтерлік есепке алуға және есептілікке тұрақты сыртқы аудит, сондай-ақ мерзімді ішкі аудит өткізіліп отырады.

7.4. Өкілдік шығыстарды жүзеге асыру және өзара сыйлық алмасу

7.4.1. ҚР заңнамасына сәйкес ҚТКФ Лауазымды тұлғалары мен Қызметкерлеріне, сондай-ақ осы адамдардың отбасы мүшелеріне осы адамның Сыйлықты берген/Сыйлық беруді жүзеге асырған адамдардың немесе өзге үшінші тұлғалардың пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі), егер осы сияқты іс-әрекет (әрекетсіздігі) осы адамның қызметтік өкілеттігі болған не болмаса ол өзінің қызметтік жағдайына байланысты осы сияқты іс-әрекетке (әрекетсіздікке) ықпалдасуы ықтималдығы үшін үшінші тұлғалардан сыйақы, сыйлықтарды (бұдан әрі – Сыйлық) алуға және осылардың атына оларды беруге және қызметтерді ұсынуға тыйым салынады.

7.4.2. Лауазымды тұлғалардың және (немесе) олардың отбасы мүшелерінің келісімінсіз келіп түскен сыйлықтар Сыйлықтың алынған күнінен не болмаса Лауазымды тұлғаға Сыйлықтың алынғаны туралы белгілі болған күннен 7 (жеті) күнтізбелік күні ішінде өтеусіз тәртіппен мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға беріледі, ал осы адамдарға осы сияқты жағдаяттарда ұсынылған қызметтердің төлемақысы қызметтердің ұсынылған күнінен не болмаса лауазымды тұлғаға қызметтердің ұсынылғаны белгілі болған күннен 7 (жеті) күнтізбелік күні ішінде республикалық бюджетке ақшаны аудару арқылы төленеді.

7.4.3. Қызметкерлердің келісімінсіз келіп түскен сыйлықтарды Комплаенс-офицер сыйлықтарды тіркеу журналында тіркеуге тиіс.

7.4.4. Өкілдік шығыстарды жүзеге асыру, өзара сыйлықтармен алмасудың айрықша жағдайлары ҚТКФ Іскерлік этика кодексімен реттеледі.

7.5. Қайырымдылық және демеушілік қызметті жүзеге асыру бойынша шектеулер

7.5.1. ҚТКФ мемлекеттік органдарға, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарға, олардың өкілдеріне, сондай-ақ өзге тұлғаларға тікелей қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетпейді.

7.5.2. ҚТКФ қайырымдылық және демеушілік көмекті ҚМГ келісімімен тек қана ақшалай қаражатты «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорына аудару арқылы көрсетуі мүмкін.

7.6. Саяси қызметке қатысудан бас тарту

7.6.1. ҚТКФ тікелей немесе жанама саяси партиялардың, ұйымдардың және олармен байланысты қорлардың қызметіне қатыспайды, соның ішінде оларды қолдау ретінде демеушілік және өзге төлемдерді жүргізбейді. Осымен бірге, ҚТКФ Қызметкерлері мен Лауазымды тұлғалары жеке тұлғалар ретінде жұмыстан бос уақытта өз қалауынша саяси қызметке қатысуға құқылы, егер осы ҚТКФ мүдделеріне зиян келтірмейтін және Мүдделер тартысын тудырмайтын болса.

7.7. Сыбайлас жемқорлық іс-қимылын жасағаны үшін жауапкершілікке тарту

7.7.1. ҚТКФ сыбайлас жемқорлық іс-қимылы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау саласында ішкі құжаттардың талаптарын бұзушылыққа жол бергені үшін жедел және бұлтартпас жауапкершілікке тарту үшін осы сияқты бұзушылықтардың көлемі мен нысандарына қарамастан барлық ықтималды парасатты және заңды күш-жігерін салады.

7.7.2. ҚТКФ осы Саясатпен белгіленген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол бергені үшін жауапкершілікке тартылған адамдар туралы ақпаратты белгіленген тәртіппен жария ету құқығына ие болады.

7.8. Жауапқа тарту шараларын қолданудан бас тарту

7.8.1. ҚТКФ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары/сыбайлас жемқорлық іс-әрекеті ҚТКФ белгілі болғанға дейін оны жасаудан бас тартқан ҚТКФ Қызметкерлері/Лауазымды тұлғаларының тәртіптік жазаға тартылмайтынына кепілдік береді.

7.8.2. ҚТКФ өзінің басқадай Қызметкерімен/Лауазымды тұлғасымен жасалған жорамалды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы, осы сияқты күдік расталмайтын болса да, адалдықпен хабардар еткен ҚТКФ Қызметкерлерін/Лауазымды тұлғаларын кемсітуге, қудалауға бағытталған іс-әрекетке немесе өзге үшінші тұлғалардың тарапынан теріс салдарға жол берілмеуге тиіс деп санайды және жауапқа тарту шараларын уақтылы анықтауға және оларға жол бермеуге ұмтылады.

7.9. «Жедел желі»

7.9.1. ҚТКФ сенімді болудың жоғары деңгейін қолдау, бизнес жүргізу этикасының халықаралық стандарттарын сақтау, сондай-ақ алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оның жолдарын кесу мақсатында ҚТКФ бойынша «Жедел желі» жұмыс жасайды.

7.9.2. Жедел желі бойынша хабарласқан кез келген адам өзіне ыңғайлы нысанда, соның ішінде өзіне белгілі болған ҚТКФ ұрлау мен талан-таражға салудың, алаяқтықтың, пара алудың, параға Коммерциялық сатып алудың, Мүдделер тартысының, сыбайлас жемқорлықтың басқадай көріністері және Саясат ережелерін бұзуға жол беру фактілері туралы жасырын түрде хабардар етуі мүмкін.

7.9.3. Әрбір өтініш мұқият пысықталып, пысықталу нәтижелері ҚТКФ жауапты тұлғаларының қаперіне беріледі, тиісті негіздеме болған жағдайда ҚТКФ ішкі құжаттары мен рәсімдеріне сәйкес тиісінше тексеріс жүргізіледі.

7.9.4. Жедел желінің байланыс телефондары Интернет желісінде ҚТКФ ресми веб-сайтында, ақпараттық стендтарда және өзге көпшілік жиналатын орындарда жарияланады.

7.10. Құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау

7.10.1. ҚТКФ өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы тиісінше құқық қорғау органдарын хабардар ету міндеттемесін артады.

7.10.2. Қызметкелер тарапынан құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл мына нысандарда жасалуы мүмкін:

7.10.2.1. құқық қорғау органдарын сыбайлас жемқорлық және алаяқтық белгілеріне ие бұзушылықтарға жол беру жағдайлары туралы хабардар ету;

7.10.2.2. құқық қорғау органдарына сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу немесе оған тергеу жүргізу жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде ықпалдасу;

7.10.2.3. құқық қорғау органдарының сыбайлас жемқорлықтан сақтандыру және оған қарсы іс-қимыл жасау мәселелері бойынша сұраныстарына жауап беру/осы бойынша отырыстарға (кездесулер) қатысу.

7.11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер. Қаржы бақылауының шаралары

7.11.1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңістірілген адамдардың, сондай-ақ осы лауазымдарға кандидат болып табылатын адамдардың өзіне берілген өкілеттікті жеке, топтық және өзге қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеліп соқтыруы мүмкін іс-қимыл жасауына жол бермеу мақсатында осы адамдар ҚР қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

7.11.2. АРБ ҚБ көрсетілген адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауына келісімін Саясатқа қоса берілген *4 Қосымшаға* сәйкес жазбаша нысанда тіркейді.

7.11.3. Осы көрсетілген адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы оларды қызметке қабылдаудан бас тартуға не болмаса оларды атқарып отырған қызметінен босатуға әкеліп соқтырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталмауы қылмыстық іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілеріне ие болмаған жағдайда олардың тиісінше қызметті тоқтатуына негіздеме болады.

7.11.4. Мемлекеттік немесе осыған теңістірілген функцияларды орындаумен байланысты лауазымдарға кандидат болып табылатын адамдар, сондай-ақ олардың жұбайлары мемлекеттік кірістер органына өзінің тұрғылықты жері бойынша ҚР заңнамасына сәйкес кірістер мен мүлік туралы декларацияны, активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсырады.

7.11.5. Декларацияларды және мәліметті бермеу немесе толық, дәйекті бермеу, егер олардың берілмеуінде қылмыстық жауапкершілікке тарту әрекетінің белгілері болмаған жағдайда, осы адамға тиісінше өкілеттікті беруден бас тартуға негіздеме

 NATIONAL MARITIME SHIPPING COMPANY	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
ББЖ саясаты	КМТФ-РТ-109.2-13	Страница 16 из 29

болады е болмаса «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР кодексінде көзделген жауапкершілікке әкеліп соқтырады.

7.12. Парақорлыққа қарсы іс-қимыл жасау жүйесін ұйымдастыру

7.12.1. ҚТКФ бойынша парақорлыққа қарсы іс-қимыл жасау жүйесі құрылып, оған тиісті деңгейде қолдау көрсетілуде.

7.12.2. ҚТКФ Қадағалау кеңесі көшбасшылық ұстанымын:

7.12.2.1. сыбайлас жемқорлыққа қарсчы іс-қимыл жасау саласында Саясатты бекіту;

7.12.2.2. ПМЖ тиімді жұмысы үшін жеткілікті және тиісінше ресурстардың берілуін қамтамасыз ету;

7.12.2.3. ҚТКФ бойынша ПМЖ әзірленуін және оны қолданысқа енгізілуін, оның нәтижелілігін, сондай-ақ тиімді жұмысы үшін бөлінген ресурстардың жеткілікті болуын бақылауды жүзеге асыру;

7.12.2.4. ПМЖ құрылымы және жұмысы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау саласында қабылданған шаралар туралы ақпаратты кем дегенде жылына 1 (бір) мәрте мерзімді алып отыру;

7.12.2.5. ПМЖ мақсаттары мен нәтижелілігін кем дегенде жылына 1 (бір) мәрте мерзімді алып отыру арқылы танытады.

7.12.3. ҚТКФ Басқармасы:

7.12.3.1. ПМЖ әзірлеуді, қолданысқа енгізуді, жұмыс күйінде күтіп ұстауды және қайта қарауды қамтамасыз етеді;

7.12.3.2. ПМЖ және комплаенс фунуциясының тиімді жұмысы және оны ұдайы жақсартып отыру үшін қажетті шараларды қабылдайды;

7.12.3.3. ПМЖ нәтижелі жұмысы үшін жеткілікті және тиісінше ресурстарды береді;

7.12.3.4. комплаенс мәдениетін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды үдетуді және ҚТКФ бойынша сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарын қабылдамауды қамтамасыз етеді;

7.12.3.5. ҚТКФ қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау нәтижелілігінің мәні және комплаенс жүйесінің талаптарына сәйкес болуы туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді;

7.12.3.6. қызметкерлерді бастамашылықпен хабарлама беруге (Жедел желі) уәждемелейді;

7.12.3.7. компанияда орын алған, болып жатқан сыбайлас жемқорлық бұзушылықтары туралы негізді жорамалдарын адал ниетімен хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлық іс-қимыл жасаудан бас тартқан (осы сияқты бас тартқаны ҚТКФ бизнесі үшін шығындарға әкеліп соқтыратын болса да) ешбір қызметкер құдалауға, кемсітуге жатпайтынына немесе оған қатысты тәртіптік жаза қолданылмайтынына кепілдік береді.

7.12.4. ПМЖ мына іс-шаралар құрайды:

7.12.4.1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер саласында ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және оларды өзектендіру, өткізілген іс-шаралар бойынша жазбаларды жүргізу және мәліметті сақтауға алу;

7.12.4.2. сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ішкі талдау жүргізу;

7.12.4.3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылына мониторинг жүргізу;

7.12.4.4. контрагенттерді тексеру;

7.12.4.5. қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалық талаптармен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау бойынша ҚТКФ ішкі нормативтік құжаттарымен таныстыру;

7.12.4.6. ПМЖ нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін мақсаттрады және іс-шараларды әзірлеу;

7.12.4.7. ҚТКФ бойынша қолднысқа енгізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мен шектеулер туралы контрагенттерді және үшінші тұлғаларды хабардар ету құралдарын әзірлеу;

7.12.4.8. ПМЖ ішкі аудитін жүргізу, оның нәтижелері туралы ҚТКФ Қадағалау кеңесінің және ҚТКФ Басқармасының қаперіне беру;

7.12.4.9. сыбайлас жемқорлыққа қарсы бұзушылықтар немесе осыған күдіктену бөлігінде берілген өтініштермен жұмыс жүргізу;

7.12.4.10. ҚТКФ Қадағалау кеңесіне және ҚТКФ Басқармасына басшылық тарапынан талдау жүргізу мақсатында материалдарды қалыптастыру;

7.12.4.11. ПМЖ жақсарту шараларын таңдау.

7.12.5. ҚМГ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қабылданатын шараларға қатысты, соның ішінде еншілес және тәуелді ұйымдарда анықталған кемшіліктерді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпалдасатын тәуекелді, факторларды жою бойынша күтілетін нәтижелер жөніндегі жеке ұстанымын Қадағалау кеңесіндегі өзінің өкілдері арқылы жыл сайын қаперге беріп отырады.

8. САЯСИ МАҢЫЗДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

8.1. ҚТКФ кез келген Саяси маңызды тұлғалармен көздестірілген сұхбат пен іс-қимыл бамтамашылық, әділдік, айқындық, жауапкершілік пен дәйектілік көзқарасына негізделіп, қолданыстағы заңнамаға және іскерлік этика стандарттарына сәйкес болуға тиіс деп санайды.

8.2. ҚТКФ Қызметкерінің/Лауазымды тұлғасының Саяси маңызды тұлғалармен тиісті деңгейде жасалмаған кез келген іс-қимылына қатаң тыйым салынады.

8.3. ҚТКФ Саяси маңызды адамдардың пайдасына сияқты олардың Жақын тумаластарының, жұбайларының, Жекжаттарының мүдделік пайдасына кез келген төлемдерді жүргізуге, соның ішінде қандай да болмасын артықшылықтарға немесе пұрсаттылықтарға заңсыз ие болу мақсатында ҚТКФ тікелей немесе жанама материалдық немесе өзге пайда табуға жол бермейді, соның ішінде:

8.3.1. өкілдік іс-шараларды ұйымдастыру немесе оған қатысу үшін төлемақы (өтемақы) жүргізу;

8.3.2. тынығуды, ем-шара алуды және аурудың алдын алуды ұйымдастыру немесе оның төлемақысын (өтмақы) жүргізу;

8.3.3. іссапарларды ұйымдастыру немесе іссапар және өзге шығыстардың төлемақысын (өтемақы) жүргізу.

8.3.4. Саяси маңызды тұлғалардың қатысуымен ҚТКФ жеке қаражаты есебінен іс-шараны ұйымдастырған жағдайда осы сияқты іс-шараның бастамашысы осы іс-шараны ҚТКФ ССБЖ тарапынан алдын ала келісілуін жүргізу қажет болады. Осы ретте өкілдік шығыстар «Самұрық-Қазына» АҚ айқындаған өкілдік шығыстарының лимитінен не болмаса заңнамамен және ҚТКФ ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген лимиттен жоғары болмауға тиіс.

8.4. ҚТКФ Қызметерлеріне/Лауазымды тұлғаларына заңсыз артықшылықтарға немесе пұрсаттылықтарға ие болу немесе осы секілдіге алмастыру мақсатында Саяси маңызды тұлғаларға тікелей немесе делдалдар арқылы ақшалай қаражатты ұсынуға, уәде беруге, растауға тыйым салынады.

8.5. ҚТКФ Қызметерлеріне/Лауазымды тұлғаларына тікелей немесе делдалдар арқылы Саяси маңызды тұлғаларға кез келген Ынталандырушы төлемдерді ұсынуға, табыстауға немесе осыған уәде беруге тыйым салынады.

8.6. ҚТКФ Қызметерлері/Лауазымды тұлғалары Саяси маңызды тұлғалармен сыбайлас жемқорлық іс-әрекетін жасауға немесе ықпалдасуға ниет білдіру ретінде бағалауы мүмкін мінез-құлық танытпауға міндетті. Осы талаптар ауызша және жазбаша өтініштерді, келіссөздерді қоса алғанда, барлық іс-қимыл жасау жағдайларына қатысты қолданылады.

8.7. ҚТКФ Қызметкеріне/Лауазымды тұлғасына Саяси маңызды тұлғадан өзінің жеке пайдасына немесе Жақын тумаластарының, жұбайларының, Жекжаттарының пайдасына ақшалай қаражаттың, қандай да болмасын өзге құндылықтардың, материалдық немесе өзге табыстың өтініш, талап ету, бопсалау, берілуіне тұспалдау ретінде бағалануы мүмкін ақпарат белгілі болған жағдайда, ол осы Саяси маңызды тұлғамен іскерлік қатынастарын тоқтатуға міндетті және осы турасында ҚТКФ ССБЖ 1 (бір) жұмыс күні ішінде хабардар етуге және/немесе Жедел желіге осы туралы ақпаратты жолдауға тиіс.

8.8. Саяси маңызды тұлғалармен, олардың Жақын тумаластарымен, жұбайларымен, Жекжаттарымен шарттарды жасасу жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелінің факторы болып табылады. Осы секілді тәуекелді бодырмау үшін ҚТКФ ішкі құжаттарға сәйкес осыған ықтимал Қызметкерлерді және Контрагенттерді Саяси маңызды тұлғалармен байланыста болуын тексереді.

8.9. ҚТКФ Қызметкерлері/Лауазымды тұлғалары өз іс-әрекетінің заңды болуына немесе этикалық ноормаларға сәйкес келуіне күмәнданған жағдайда олар ҚТКФ ССБЖ кеңес алуға міндетті.

9. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

9.1. ҚТКФ сыбайлас жемқорлық тәуекелін талдау мен бағалауды ҚР заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізеді.

9.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін талдау мақсаты сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындайы және оны жою немесе мейлінше азайту бойынша шараларды пысықтау болып табылады.

9.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін сәйкестендіру сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг пен ПІМЖ ішкі аудитін жүргізу арқылы жүргізіледі.

 NATIONAL MARITIME SHIPPING COMPANY	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
ББЖ саясаты	КМТФ-РТ-109.2-13	Страница 19 из 29

9.4. ҚТКФ бойынша мынадай сыбайлас жемқорлық тәуекелін бағалау тәртібі белгіленді:

9.5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін талдау және бағалау нәтижелері ПМЖ нәтижелілігі туралы талдама үшін қолданылады.

9.6. ҚТКФ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті ҚР заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізеді.

9.7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мәні ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау саласында құқық қолдану практикасының жай-күйі, сондай-ақ ҚТКФ бойынша сыбайлас жемқорлық деңгейін ұғыну және оны бағалау болып табылады.

10. САЯСАТТЫ ОРЫНДАМАҒАНЫ (ТИІСТІ ДЕҢГЕЙДЕ ОРЫНДАМАҒАНЫ) ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

10.1. ҚТКФ әрбір Қызметкері/Лауазымды тұлғасы атқарып отырған қызметіне қарамастан осы Саясат талаптарын ұстанбағаны үшін жауапты болады.

10.2. ҚТКФ Қызметкерінің/Лауазымды тұлғасының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын және/немесе алаяқтық іс-әрекет жасауы еңбек міндеттерін өрескел бұзуы болып табылады.

10.3. ҚТКФ Қызметкері/Лауазымды тұлғасы мәртебесіне және қызметіне қарамастан жауапкершілікке тартылады. Жауапкершілікке тарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10.4. ҚТКФ Қызметкерінің/Лауазымды тұлғасының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және/немесе алаяқтық іс-әрекет жасауға қатыстылығы анықталып, белгілі болған жағдайда ҚТКФ осы ҚТКФ Қызметкерін/Лауазымды тұлғасын тәртіптік жазаға тартады, соның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен шартты бұзады.

10.5. Жоғарыда көрсетілген фактілер бойынша негіздеме жеткілікті болған жағдайда, ішкі тергеу материалдары құқық қорғау органдарына осыған кінәлі адамдарды әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы арызбен қоса беріледі.

10.6. ҚТКФ зиян және залал келтірілген жағдайда, ҚТКФ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және/немесе алаяқтық іс-әрекет жасаған адамға қатысты азаматтық талап қою арқылы сотқа шағымдануға құқылы.

10.7. ҚТКФ Басқармасының төрағасы/Бас директоры өз бағынысындағы қызмекерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаудан сақтандыру бойынша қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісті деңгейде оырнамағаны үшін ҚР заңдарына сәйкес тәртіптік жауапты болады.

10.8. ҚТКФ Басқармасының төрағасы/Бас директоры өзінің тікелей бағысындағы қызметкерлердің мына жағдайларда сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін тәртіптік жауапты болады:

10.8.1. өз бағынысындағы қызметкер жасаған сыбайлас жемқорлық қылмыс пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаудан сақтандыру бойынша қызметтік міндеттердің орындалмауы немесе тиісті деңгейде орындалмауы кінәсі арасында байланыстың болуы анықталған;

	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
ББЖ саясаты	KMTF-PT-109.2-13	Страница 20 из 29

10.8.2. өз бағынысындағы қызметкерге қатысты сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы заңды күшіне енген сот актісі болған не болмаса ҚР Қылмыстық-процессуалдық кодексінің 35-бабының бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны үшін қылмыстық іс қылмыстық қудалағ органымен немесе сотпен тоқтатылған.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Іскерлік этиканың халықаралық стандарттарын, бизнесті жүргізудің айқындығы мен ашықтығын сақтау үшін ҚТКФ Қызметкерлері/Лауазымды тұлғалары ҚТКФ ішкі құжаттарына сәйкес оларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жасауға итермелеудің барлық жағдайлары туралы ССБЖ хабардар етуге тиіс.

11.2. ҚТКФ басқадай Қызметкерлері/Лауазымды тұлғалары немесе Контрагенттері іс-әрекетінің заңды болуына күмәнданған, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеті, соның ішінде ұрлау, алаяқтық, парақорлық, параға Коммерциялық сатып алу, Мүдделер тартысы және өзге ықтималдығын қоса алғанда ҚТКФ Қызметкері/Лауазымды тұлғасы, Контрагент немесе өзге тұлға өз күдіктері туралы ҚТКФ ССБЖ ашық сұхбат нысанында (соның ішінде жасырын түрде) баяндауға не болмаса ҚТКФ ішкі құжаттарымен белгіленген рәсімге сәйкес Жедел желіге хабарлауға құқылы.

1 Қосымша
Еңбек шартына

**«ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰТКҚК» ЖШС
ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕҰ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫНЫҢ
НОРМАЛАРЫН САҚТАУ МІНДЕТТЕМЕСІ**

1. Қызметкер (ҚТКФ өзара азаматтық-құқықтық сипатында шарт жасасқан тұлға) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның ЕҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатының (бұдан әрі – Саясат) және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Іскерлік этика кодексінің мазмұнымен танысқанын растайды және оларды ұстануға міндетті болады.

2. Қызметкер мыналарға міндеттенеді:

2.1. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекетіне тікелей немесе жанама, жеке өзі немесе үшінші тұлғалардың Делдалдық етуімен қатыспауға, соның ішінде кез келген нысанда (Ынталандырушы төлемдер) ресмилікті жеңілдету үшін қандай да болмасын адамдарға және қандай да болмасын адамдардан және ұйымдардан, соның ішінде коммерциялық ұйымдарды, билік және өзін өзі басқару органдарын, қазақстандық және шетелдік мемлекеттік қызметшілерді, жеке компаниялар мен олардың өкілдіктерін қоса алғанда Пара мен төлемдерді ұсынбауға, бермеуге, уәде бермеуге, сұрамауға, соның ішінде ақшалай қаражат, құндылықтар, қызметтер немесе өзге пайда түрінде.

2.2. Айналасындағы адамдарға «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС (бұдан әрі – ҚТКФ) мүдделік таныту немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға немесе оларға қатысуға ниет білдіру ретінде бағалануы мүмкін мінез-құлық танытудан аулақ болуға.

2.3.Тікелей басшыны және Саясаттың сақталуын бақылау үшін жауапты адамды тез арада:

1) Қызметкерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға итермелеу жағдайлары туралы;

2) Қызметкерге белгілі болған ҚТКФ басқадай Қызметкерлерінің, Контрагенттері мен өзге тұлғаларының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол берген жағдайлары туралы;

3) Қызметкер алдында туындауы мүмкін немесе туындаған Мүдделер тартысы туралы хабардар етуге.

3. Қызметкер өз іс-әрекетінің, сондай-ақ басқадай Қызметкерлер, Контрагенттер немесе ҚТКФ өзара іс-қимыл жасайтын өзге тұлғалар іс-әрекетінің, әрекетсіздігінің немесе ұсыныстарының заңды болмауына немесе этикалық нормаларға сәйкес келмеуіне қатысты туындаған күдіктері туралы Жедел желіге, Саясаттың сақталуын бақылау үшін жауапты құрылымдық бөлімшеге хабарлау мүмкіндігімен таныстырылды.

4. Қызметкердің өзін қоса алғанда ҚТКФ ешбір қызметкеріне, егер ол жорамалды сыбайлас жемқорлық фактісі туралы хабардар еткені не болмаса Пара

	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
ББЖ саясаты	KMTF-PT-109.2-13	Страница 22 из 29

беруден немесе оны алудан, параға коммерциялық сатып алу немесе кез келген басқадай әдіспен пара алу-беруде Делдал болудан бас тартқаны, соның ішінде осы сияқты бас тарту нәтижесінде ҚТКФ уыстан пайда түсіріп алғаны немесе коммерциялық және бәсекелестік артықшылықтарға ие болмағаны үшін оған санкциялар қолданылмайтыны және ҚТКФ тарапынан қудаланбайтыны туралы түсіндірме берілді.

5. Қызметкер қазақстандық және басқадай қолданыстағы заңнаманың сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарын, Саясат пен Кодексті бұзушылыққа жол бергені үшін тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және/немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылу мүмкіндігі туралы ескертілді.

6. Қызметкерге оның Саясат және қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қағидаттары мен талаптарына қатысты қосымша сауалдары туындаған жағдайында ол Саясаттың сақталуын бақылау үшін жауапты құрылымдық бөлімшеге өтініш білдіруі мүмкіндігіне ие болатындығы туралы түсіндірме берілді.

20__ жылғы «__» _____ / _____

**«ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰТҚҚК» ЖШС
ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ ЗАҢНЫҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУЫ ЖӨНІНДЕ
ЖАДНАМА**

1. Қандай мінез-құлыққа жол берілмейді?

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТҚҚК» ЖШС және оның ЕҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты (бұдан әрі – Саясат) сыбайлас жемқорлықтың мынадай кез келген нысандарына тыйым салады: қызметтік жағдайын теріс пайдалану, Пара беру (Белсенді парақорлық), пара алу (Енжар парақорлық), Делдалдық, уәкілеттіктерін теріс пайдалану, Параға коммерциялық сатып алу не болмаса жеке тұлғаның өзі немесе үшінші тұлғалар үшін ақша, құндылықтар, өзге мүлік немесе мүлік сипатындағы қызметтер түрінде пайда көру, өзі немесе үшінші тұлғалар үшін өзге мүліктік құқықтарға ие болу не болмаса осы сияқты пайданы атап көрсетілген адамға басқадай жеке тұлғалармен заңсыз беруі үшін өз қызметтік жағдайын «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТҚҚК» ЖШС (бұдан әрі – ҚТКФ) мүдделеріне қарсы пайдалану, сондай-ақ осы сияқты іс-әрекетті заңды тұлғаның атынан немесе оның мүддесінде жасау.

2. Пара дегеніміз не?

Пара – бұл пара берушінің мүддесінде қабылданатын материалдық құндылықтар (нәрселер немесе ақша) немесе осы адамның өз қызметтік жағдайын пайдалана отырып жасауы мүмкін немесе жасаған іс-әрекеті (немесе керісінше әрекетсіздігі) үшін қандай да болмасын мүліктік пайда көру немесе қызметтерді ұсыну.

Пара ретінде қаржы немесе өзге артықшылықтарды қоса алғанда, әлдебір құндылыққа ие нәрсе болуы мүмкін. Пара ретінде мыналар болуы мүмкін (бірақ ол осымен шектелмейді):

- 1) қаржы төлемдері немесе ақшалай қаражат немесе оның эквиваленттері түрінде төлем жүргізуге уәде беру (мәселен, сыйлық түрінде сертификаттар);
- 2) сыйлықтар, ойын-сауық және құрмет көрсету белгілері (мәселен, жолсапар, тамақтану және пәтерде тұру);
- 3) қызметтерді ұсыну,
- 4) займдар және құндылық түрінде қамтамасыз ету,
- 5) мүлік немесе кез келген түрдегі мүлікте қандай да болмасын үлесі,
- 6) өсімпұлдан қорғау және қандай да болмасын міндеттемелерден босату,
- 7) өзіне тиісті болмайтын сыйақы үшін берілетін әлдебір нәрсе,
- 8) практикалық, жұмыс тәжірибесін немесе уақытша немесе тұрақты жұмыс орнын ұсыну (осы сияқты қызметтерді/игіліктерді Жақын тумаластарына, ерлі-зайыптыларға, Жекжаттарға ұсынуды қоса алғанда),
- 9) саяси немесе қайырымдылық жарналары.

Парақорлықты қорғауда Пара беру қандай да болмасын жергілікті салада, істе, кәсіпте немесе бейімділікте қажетті шаралардың бірі болып табылады деген дәлеледеме қолданылмауға тиіс.

3. Белсенді парақорлық

ҚТКФ Қызметкерлері/Лауазымды тұлғалары үшін:

1) Ынталандырушы төлемдерді, өзге заңсыз төлемдерді немесе Саяси маңызды тұлғаларға немесе осылардың пайдасына немесе осы сияқты тұлғалардың нұсқауы бойынша артықшылықтарды қоса алғанда пара ұсыну, оған уәде беру немесе төлеу;

2) ықпалдасу, делдал болу, жәрдемдесу немесе осы сияқты мінез-құлыққа қолдау көрсету әрдайым жат болады.

3) Саясатты бұзушылыққа жол беру, егер ҚТКФ Қызметкері/Лауазымды тұлғасы параны ұсынған, оны төлеуге әрекеттенген немесе төлеген, Саяси маңызды тұлғаға пара берген кезде делдал болған жағдайда туындайды, егер ҚТКФ Қызметкері/Лауазымды тұлғасы осыған бола пайда көрмейтін болса да.

4. Енжар парақорлық

ҚТКФ Қызметкерлеріне/Лауазымды тұлғаларына:

1) пара сұрауға, талап етуге, алуға келісімін беруге немесе оны Саяси маңызды тұлғадан алуға тыйым салынады.

Осы тыйым салу Қызметкердің параны өз пайдасына немесе басқадай адамның атынан алғанына қарамастан қолданылады.

Саясатты бұзуға жол беру, егер ҚТКФ Қызметкері/Лауазымды тұлғасы параны сұраған немесе талап еткен жағдайда туындайды; пара нақты төленбеуі де мүмкін.

2) Параға коммерциялық сатып алу дегеніміз не?

Параға коммерциялық сатып алу – коммерциялық немесе өзге ұйымда басқарушылық міндеттерді орындайтын тұлғаға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге мүлікті заңсыз беру сияқты оның өз қызметтік жағдайын пайдаланғаны үшін оған мүліктік сипатында қызметтерді заңсыз ұсыну, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүддесінде қызмет бабында қорғаштау немесе оның кемшіліктеріне көзжұмбайлық жасау.

3) Артықшылық қай уақытта Пара немесе Параға коммерциялық сатып алу болып саналады?

Артықшылық жағдайға ие болу құндылық жағдайына қарамастан, егер мыналарға ниет білдірген жағдайда Пара болып табылады:

1) алушы немесе басқадай тұлға тарапынан (Параға коммерциялық сатып алу) теріс мінез-құлықты ынталандыру немесе көтермелеу; немесе

2) коммерциялық артықшылыққа ие болу немесе оны сақтап қалу мақсатында Саяси маңызды тұлғаға оның өз қызметтік міндеттерін орындау кезінде ықпал ету (заңсыз немесе өзге тәртіппен).

Артықшылық жағдайға ие болу Пара болып табылады, егер:

- 1) ол сыбайлас жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы іс-қимыл туралы тиісінше заңдар бойынша заңсыз деп танылса;
- 2) ол басқадай тарап үшін міндеттеме немесе осыған іспеттес міндеттеме тудырса;
- 3) ол белгілі бір адамды артықшылық жағдайды ұсынған адамға немесе осы сияқты адамның ұйымына нақтылы пайда көру немесе жалпы қолдау көрсету мақсатында әрекет жасауға немесе әрекетсіздікке итермелеуді мақсат тұтса;
- 4) ол Саяси маңызды тұлғаға қызметшінің өз қызметтік міндеттеріне қатысты ықпал ету үшін, қызметтік міндеттерді орындауды шапшаңдату немесе осы сияқты тұлға тарапынан жалпы қолдауға ие болу үшін ұсынылған болса;
- 5) ол құны, жиілігі немесе ұсыну әдісі тұрғыдан негізделмеген болса.

4) Нелерге тағы да тыйым салынады?

Сондай-ақ, Сіз мыналардан аулақ болуыңыз қажет:

- 1) ақшалай қаражатты ұрлау және жалған есептемелерді түзіп жасау, инсайдерлік ақпаратты сату, ақшалай қаражаттың жылыстауы немесе қаражатты заңсыз жымқыру сияқты қылмыстық іс-әрекетті қоса алғанда қаржы тәртібін бұзушылыққа жол беруден;
- 2) ҚТКФ тарапынан алдын ала келісімінсіз активтерді, қаражатты немесе зияткерлік меншікті қоса алғанда ҚТКФ ресурстарын қолдануға немесе оны басқадай тұлғалардың жеке тәртіппен қолдануына қолжетімділікті ұсынудан;
- 3) коммерциялық ұйымның, мемлекеттік (толықтай немесе ішінара) ұйымның жеке қызметкерін немесе Саяси маңызды тұлғаны заңсыз іс-әрекетке мәжбүрлеуден;
- 4) Параны/Параға коммерциялық сатып алуды тікелей немесе жанама, агент немесе мына үлестес тұлға арқылы:
 - a. Саяси маңызды тұлғаға, немесе
 - b. менеджерге, қызметшіге немесе коммерциялық немесе өзге ұйымның қызметкеріне ұсынудан, беруге немесе рұқсат етуден;
- 5) қандай да болмасын ҚТКФ бәсекелесінің, жеткізушісінің немесе тапсырысшының қызметкеріне ҚТКФ өз бәсекелестері алдында тиісті деңгейде болмайтын артықшылыққа әкеліп соқтыруы мүмкін кез келген пайда сияқты адал болмайтын бәсекелік артықшылыққа және бәсекелестік туралы қолданыстағы ережелерді бұзуға әкеліп соқтыруы мүмкін рұқсат болмаған пайданы (мүліктік немесе өзге) ұсынудан немесе беруден;
- 6) ҚТКФ қатысты бәсекелік артықшылыққа заңсыз ие болу мақсатында Саяси маңызды тұлғалармен өзара қалыптасқан қандай да болмасын қатынастарды пайдаланудан;
- 7) Саясатқа сәйкес заңсыз төлемдер немесе ілтипат көрсету белгілері немесе осы сияқты мінез-құлыққа күмәндануға негіздеме болатын қандай да болмасын жағдаяттар туралы хабардар етпеуден;
- 8) тараптардың бірін қаржы немесе өзге пайда алуға итермелеген іс-әрекетті, соның ішінде алаяқтық жалған мәлімдемелерді жасаудан немесе міндеттемелерден жалтарудан;



«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы
компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ББЖ саясаты

KMTF-PT-109.2-13

Страница 26 из 29

9) жоғарыда көрсетілген жағдайларды жасырып қалудан немесе хабардар етпеуден.

Жаднамамен таныстым, оны толықтай оқып шықтым және толық көлемде түсіндірме алдым.

ТАӘ.а _____

Қолы _____

Күні _____

Контрагенттермен өзара жасасқан шарттар үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе мысал ретінде

1. [Шарт бойынша контрагент атауы] осы шарт бойынша әрекет ететін өзімен үлестес барлық жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі олардың әрбіреуі «Үлестес тұлға» деп аталады), соның ішінде осылармен шектелмейтін [Шарт бойынша контрагент атауы] иелері, директорлары, лауазымды тұлғалары, қызметкерлері мен агенттері осы ескертпе кепілдіктерін сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. [Шарт бойынша контрагент атауы] және барлық Үлестес тұлғалар мына іс-әрекетті тікелей немесе жанама жасамауға міндеттенеді:

2.2.1. заңсыз бизнеске ие болуға, оны заңсыз сақтап қалуға немесе заңсыз жүргізуге не болмаса ҚТКФ үшін заңсыз артықшылықтарға ие болу мақсатында мемлекетпен байланыста болған кез келген тұлғаларға қандай да болмасын ақшалай қаражат төлеуге, ұсынуға, уәде беруге не болмаса төлемақы жүргізуге рұқсат беруге;

2.2.2. коммерциялық салада пара алуға тыйым салатын қолданыстағы заңдарды бұзушылыққа жол беретін өзге іс-әрекетті жасамауға, соның ішінде параға коммерциялық сатып алуды және өзге заңға қайшы және бизнесті заңсыз жүргізу әдістерін қосқанда.

3. [Шарт бойынша контрагент атауы] мемлекетпен байланысты тұлға [болып табылмайды]⁴ және оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері не болмаса тікелей немесе жанама меншік иелері болып табылатын Саяси маңызды тұлғаларға [қатысы жоқ]⁵. [Шарт бойынша контрагент атауы] ҚТКФ қандай да болмасын Саяси маңызды тұлғаның [Шарт бойынша контрагент атауы] лауазымды тұлғасы немесе қызметкері не болмаса [Шарт бойынша контрагент атауы] қатысу үлесін тікелей немесе жанама сатып алған барлық жағдайлар туралы тез арада жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

4. [Шарт бойынша контрагент атауы] қандай да болмасын заңсыз мақсаттарда емес шаруашылық қызметті заңды жүзеге асыру мақсатында құрылды және қаржыландыру көздеріне заңды ие болады.

5. [Шарт бойынша контрагент атауы] және оның үлестес тұлғалары алаяқтықпен немесе сыбайлас жемқорлықпен байланысты қандай да болмасын заңсыз іс-әрекетті жасағаны үшін сотталмаған және осыған кінәлі деп танылмады. [Шарт бойынша контрагент атауы], егер [Шарт бойынша контрагент атауы] немесе оның қандай да болмасын үлестес тұлғалары осы сияқты заңсыз іс-әрекетті жасағаны үшін сотталған немесе осыған кінәлі деп танылған болса осы туралы тез арада ҚТКФ жазбаша нысанда хабардар етуге тиіс.

6. [Шарт бойынша контрагент атауы] «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС ресми веб-сайтында «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Іскерлік этика кодексімен (бұдан әрі – Кодекс) және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және

⁴ Егер Контрагент мемлекетпен байланысты тұлға болған жағдайда, мәтінді өзгерту қажет болады

⁵ Болған жағдайда мәтінді өзгерту және ресми лауазымды адамдардың тізбесін алу қажет болады

	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
ББЖ саясаты	KMTF-PT-109.2-13	Страница 28 из 29

оның ЕҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы саласындағы саясатымен (бұдан әрі – Саясат) танысқанын растайды. [Шарт бойынша контрагент атауы] Кодекс пен Саясатты толықтай ұғынғанын куәландырады.

7. [Шарт бойынша контрагент атауы] осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе талаптары бұзылған немесе бұзулуы мүмкін жағдайда ҚТКФ адал жәрдемдесуге жіне ықпалдасуға міндеттенеді, соның ішінде иеленушілеріне, директорларына, лауазымды тұлғаларына және өзге Үлестес тұлғаларына сауалнама жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

8. [Шарт бойынша контрагент атауы] ҚТКФ қызметіне қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе талаптарын бұзған барлық жағдайлар туралы ҚТКФ дер кезінде хабардар етуге міндеттенеді. [Шарт бойынша контрагент атауы] талаптарды бұзушылыққа жол беру жағдайлары туралы хабардар ету үшін Жедел желіні қолдануға міндетті, осы туралы ақпарат ҚТКФ ресми веб-сайтында жарияланды.

	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
ББЖ саясаты	KMTF-PT-109.2-13	Страница 29 из 29

4 Қосымша

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйым салуларды қабылдауға келісім

Мен _____ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңына сәйкес:

- 1) жақын тумаластармен, жұбайыммен және жекжаттармен бірлесе қызмет етуге (жұмыс) жол бермеу;
- 2) ҚТЕФ және оның ЕҰ бойынша қызметтік міндеттерді бірлесе атқаруға жол берілмейтін қызметті жүзеге асыру;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарға ие болу немесе осылар арқылы пайда көру мақсатында ресми жариялауға жатпайтын қызметтік немесе өзге ақпаратты пайдалану;
- 4) материалдық сыйақы, сыйлықтарды берген және қызметтерді ұсынған тұлғалардан осы тұлғалардың пайдасына оларды іс-әрекетім (әрекетсіздігім) үшін алу, егер осы сияқты іс-әрекет қызметтік өкілеттіктерім болған немесе қызметтік жағдайыма байланысты осы іс-әрекетке (әрекетсіздікке) менің ықпалдасу мүмкіндігім болса;
- 5) «Ойын бизнесі туралы» ҚР заңында көзделген анықтаулар берілген ойын мекемесінде құмар ойындарға қатысу және/немесе бәс тігу, сол сияқты осы үшін арнайы бөлінбеген орындарда құмар ойындарға қатысу және/немесе бәс тігу немесе телекоммуникация желілерін, соның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы жүргізілетін құмар ойындарға қатысу және/немесе бәс тігу;
- 6) егер шаруашылық субъектісін басқару немесе оған қатысу ҚР заңнамасына сәйкес қызметтік міндеттеріме жатпайтын болса, шаруашылық субъектісін басқаруға өз бетімен қатысуға жол бермеу, мүліктік немесе өзге игіліктерге ие болу мақсатында өз қызметтік өкілеттіктерімді заңсыз пайдалану арқылы ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға ықпалдасу;
- 7) педагогикалық, ғылымижәне өзге шығармашылық қызметтен бөлек басқа ақылы қызметпен айналыспау бойынша сыбайлас жемқорлық шектеулері мен тыйым салуларды қабылдаймын.

Мен ҚР қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларды сақтамағаным үшін ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген жауапкершілік туралы хабардармын.

ТАӨ.а _____

Қолы _____

Күні _____